

## **Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы ЕСЕП**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы  
8D015 – Жаратылыстану-ғылыми пәндері бойынша педагогтарды даярлау  
(6D010900 / 8D01501 – Математика, 6D011000 / 8D01504 – Физика)  
бағыттары бойынша Диссертациялық кеңесі

### **1. Өткізілетін саны туралы мәліметтер.**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы  
8D015 – Жаратылыстану-ғылыми пәндері бойынша педагогтарды даярлау  
(6D010900 / 8D01501 – Математика, 6D011000 / 8D01504 – Физика)  
бағыттары бойынша Диссертациялық кеңесте 2022 жылы 9 отырыс өткізілді  
(03.01.2022ж. - 31.12.2022ж.).

### **2. Диссертациялық кеңес отырыстарының жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелерінің аты-жөні (болған жағдайда).**

Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелері болған жоқ.

### **3. Оқу орны көрсетілген докторанттардың тізімі.**

1) Искакова Анаргуль Батырбаевна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

2) Шектибаев Нурдаулет Атенович, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.

3) Турганбаева Жаннур Нуртаевна, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.

4) Ерженбек Булбул, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

5) Зықрина Сымбат Жумабаевна, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті.

6) Еркишева Жазира Сабыровна, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.

### **4. Есеп беру жылы бойына диссертациялық кеңес келесі бөлімдерін бөліп қарағаны туралы диссертациялық жұмыстардың қысқаша талдауы:**

#### **Искакова Анаргуль Батырбаевнаның диссертациясы бойынша:**

*1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау:*

*Диссертация тақырыбы – Жоғары оқу орнында физика курсының техникалық мамандықтарға оқыту әдістемесі.*

*Мамандық: 6D011000 – Физика.*

*Ғылыми кеңесшілері – п.ғ.д., профессор Қозыбай А.Қ.; п.ғ.д., профессор Мамбетакунов Э.М.*

*Қорғау 2022 жылдың 11 наурызында өтті.*

*Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:*

- техникалық мамандықтарға арналған физика курсының құрылымы мен мазмұндық ерекшеліктері, орта мектеп пен жоғары оқу орнында физика курсы оқытудағы сабақтастық айқындалды;

- техникалық мамандықтарға физика курсы оқытуда студенттердің оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыру тәсілдері, дәстүрлі емес дәрістер мен өзіндік жұмыс түрлері, студенттердің білімін бақылау жұмыстары анықталды;

- техникалық мамандықтарға физика курсы оқытудың әдістемелік жүйесі, яғни оқытудың мақсаты, білім мазмұны мен оқу процесінде жобалық және транспандік оқыту технологияларын жүзеге асыру әдістемесі жасалынды.

*2) «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы.*

А.Б.Искакованың диссертациялық жұмысының тақырыбы мен зерттеудің басты идеясы қазақстандық білім беру жүйесін дамытуға, бәсекеге қабілетті мамандар даярлаудың сапасын арттыруға байланысты Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары», Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі бекіткен жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және басқа да мемлекеттік нормативтік-құқықтық құжаттарда көрсетілген басымдықтар мен міндеттерді шешумен байланысты.

*3) диссертациялардың нәтижесін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

«6В07104 – Аспап жасау» мамандығына арналған «Физика» курсы оқытудың мақсаты, білім мазмұны, оқу іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілдері, дидактикалық контент әзірленді. Дидактикалық контент авторлық видео-дәрістермен, мамандықтың кәсіби ерекшелігі ескеріліп дайындалған тәжірибелік және студенттің өзіндік жұмыстарына арналған тапсырмаларымен, тест сұрақтарымен қамтылған. ЖОО техникалық мамандықтарында оқитын студенттерге оқу-әдістемелік қамтамасыз ету үшін дидактикалық материал ретінде «Экономикадағы физикалық модельдер» атты оқу құралы әзірленіп ұсынылды. Жоғары оқу орындарының техникалық мамандықтарында оқылатын физика курсының іргелі және бейіндеуші пәндердің мазмұнымен сабақтастығын жүзеге асыру мақсатында «Ақпараттық-өлшеуіштік технологиялар негіздері» оқу құралы әзірленіп ұсынылды. Жасалған дидактикалық контент, оқу құралы мен техникалық мамандықтарға физика курсы оқытудың әдістемелік жүйесін білім берудің әртүрлі кезеңдерінде, оқытушылардың біліктілігін арттыру жүйесінде, ЖОО физика оқытушылары іс-тәжірибесінде пайдалануға болады.

**Шектибаев Нурдаулет Атеновичтің диссертациясы бойынша:**

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау:

Диссертация тақырыбы – «Ядро және элементар бөлшектер физикасы» элективті курсының оқыту барысында болашақ физика мұғалімдерінің пәндік құзыреттілігін дамыту әдістемесі.

Мамандық: 6D011000 – Физика.

Ғылыми кеңесшілері – ф.-м.ғ.д., доцент Тұрмамбеков Т.А.; п.ғ.д., профессор Байзақ Ү.А.; п.ғ.д., профессор Жохов А.Л.

Қорғау 2022 жылдың 11 наурызында өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

- болашақ физика мұғалімдерінің пәндік құзыреттілігін дамытудың теориялық негіздері айқындалды;

- болашақ физика мұғалімдерінің пәндік құзыреттілігін дамытудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері айқындалды;

- оқыту процесіндегі эмоциональдық-құндылық қатынастар қажеттілігі негізінде болашақ физика мұғалімінің пәндік құзыреттілігін дамытудың тәсілдері - дидактикалық шарты анықталды;

- болашақ физика мұғалімдерін кәсіби даярлау негізінде мазмұндалған «Ядро және элементар бөлшектер физикасы» элективті курсының оқыту әдістемесі тәжірибелік-педагогикалық эксперименттік тексерістен өткізілді және әдістемелік ұсыныстар жасалынды.

2) «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы.

Н.А.Шектибаевтың диссертациялық жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, «Цифрлы Қазақстан», Қазақстан Республикасында білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын және ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың және мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы Жолдауларын жүзеге асырумен байланысты және білім беру ісіндегі субъективті идеяларды іске асыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдер ЖОО-да педагогтарды даярлаудың тұрақты дамуына септігін тигізетін бағдар ретінде қарастырылады.

3) диссертациялардың нәтижесін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

Болашақ физика пәні мұғалімдерінің пәндік құзыреттілігін дамытуға бағытталған «Ядро және элементар бөлшектер физикасы» элективті курсының мазмұны әзірленді. «Физикалық құбылыстар», «Атомдық ядро және элементар бөлшектер физикасы», «Атом ядросының физикасы» атты электрондық оқу құралы дайындалды. «Атомдық және ядролық физика (зертханалық жұмыстар)», «Ядро және элементар бөлшектер физикасы курсының негізгі сипаттамалары» атты оқу-әдістемелік және оқу құралдары әзірленіп, ұсынылды.

## **Турганбаева Жаннур Нуртаевнаның диссертациясы бойынша:**

*1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау:*

*Диссертация тақырыбы* – Мектеп білімінің жаңартылған мазмұнына сай ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистиканы оқытудың әдістемелік ерекшеліктері.

*Мамандық:* 6D010900 – Математика.

*Ғылыми кеңесшілері* – п.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі, профессор Әбілқасымова А.Е.; т.ғ.к., доцент Кошанова М.Д.; п.ғ.к., доцент Седова Е.А.

*Қорғау 2022 жылдың 01 шілдесінде өтті.*

*Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:*

- математика пәнінің білім мазмұнындағы ықтималдықтар теориясы мен статистика элементтерінің алатын орны мен маңыздылығы, тарихи қалыптасу кезеңдері, құрылымы мен мазмұндық ерекшеліктері айқындалды;

- бастауыш мектеп математикасы мен негізгі мектеп математикасында статистика элементтерін оқытудағы сабақтастық айқындалды;

- жаңартылған білім беру мазмұны бойынша ықтималдықтар теориясы мен статистика элементтерін оқытуды ұйымдастыру тәсілдері, 5-9 сынып оқушыларына стохастикалық есептерді шешуді үйрету әдістемесі жасалды.

*2) «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы.*

Ж.Н.Турганбаеваның диссертациялық жұмысының тақырыбы қазақстандық білім беру жүйесін дамытуға, бәсекеге қабілетті мамандар даярлаудың сапасын арттыруға арналған Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары», Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы, негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және басқа да мемлекеттік құжаттарда көрсетілген басымдықтар мен міндеттерді шешумен байланысты.

*3) диссертациялардың нәтижесін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

5-6 сыныптардың математика және 7-9 сынып алгебра курсында стохастика элементтерін оқытудың әдістемесі әзірленді (стохастикалық бағыттың үш компонентінің теориялық материалын мазмұндық модульдерге бөлу, берілген модульдерді математика курсының дәстүрлі мазмұнын зерттеу процесінде қолдану, типтік стохастикалық есептерді бөліп алу). Оқушылардың ықтималдық-статистикалық ойлауын қалыптастыру және оқу іс-әрекетін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстарды мұғалімдер сабақтарда тиімді пайдалана алады. Зерттеу нәтижелерін орта мектепте стохастикалық бағытты оқыту мазмұны мен әдістерін жетілдіруде, сонымен қатар оқушылар ықтималдықтар теориясы мен статистика элементтерін оқып-білуде қолдана алады.

**Ерженбек Булбулдың диссертациясы бойынша:**

*1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау:*

*Диссертация тақырыбы* – Орта мектеп физика курсына энергияны сабақтастық негізінде оқытудың әдістемелік ерекшеліктері.

*Мамандық:* 6D011000 – Физика.

*Ғылыми кеңесшілері* – п.ғ.к., аға оқытушы Сыдыкова Ж.К.; п.ғ.д., профессор Мамбетакунов Э.М.

*Қорғау 2022 жылдың 01 шілдесінде өтті.*

*Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:*

- орта мектептің физика курсына энергия ұғымының мазмұны, оның практикалық маңызы, физика курсының әртүрлі бөлімдеріндегі және сыныптар арасындағы пәнішілік сабақтастығы айқындалды;

- орта мектепте энергияны оқытуда сабақтастықты жүзеге асыруға бағытталған жаттығулар жүйесі мен эксперименттік тапсырмалар (зертханалық және тәжірибелік жұмыстар) әзірленді;

- орта мектеп физика курсына энергияны сабақтастық негізінде оқытудың кезеңдері мен жолдары айқындалып, әдістемесі жасалды және оның тиімділігі педагогикалық эксперимент арқылы тексерілді.

*2) «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы.*

Б.Ерженбектің диссертациялық жұмысының тақырыбы мен зерттеудің басты идеясы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары», Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында, «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары және басқа да мемлекеттік құжаттарда көрсетілген басымдықтар мен міндеттерді шешумен байланысты.

*3) диссертациялардың нәтижесін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

Энергияның мектеп физика курсы бөлімдеріндегі және сыныптар арасындағы пәнішілік сабақтастығы айқындалды. Орта мектепте энергияны оқытуда сабақтастықты жүзеге асыру кезеңдері мен жолдары айқындалды. Орта мектепте энергияны оқытуда сабақтастықты жүзеге асыруға бағытталған жаттығулар жүйесі мен эксперименттік тапсырмалар (зертханалық және тәжірибелік жұмыстар) әзірленді. Жаңартылған білім мазмұны негізінде 7-сыныпқа арналған физика курсы бойынша әдістемелік құралы оқу процесіне енгізілді.

**Зыкрина Сымбат Жумабаевнаның диссертациясы бойынша:**

*1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау:*

*Диссертация тақырыбы* – Негізгі мектеп оқушыларының математикалық білімдерін критериялды бағалаудағы интернет-

технологиялардың ролі.

*Мамандық:* 6D010900 – Математика.

*Ғылыми кеңесшілері* – п.ғ.д., профессор Қожабаев Қ.Ғ.; п.ғ.д., профессор Далингер В.А.

*Қорғау 2022 жылдың 22 желтоқсанында өтті.*

*Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:*

- білім беруді бағалаудың, оның ішінде критериалды бағалаудың мәні мен мақсаты, оның қазіргі заман сұраныстарындағы орны мен ролі, талаптары мен принциптері нақтыланды;

- математиканы оқыту барысында қолданылатын танымал интернет-технологиялар сараланып, олардың көмегімен критериалды бағалауды ұйымдастыру талаптары айқындалды;

- интернет-технологияларды оқушылардың математикалық білімдерін критериалды бағалауда қолданудың әдістемесі жасалды;

- зерттеу жұмысының нәтижелері эксперименталдық жұмыста тексерілді, дәлелденді, ұсыныстар оқу үдерісіне енгізілді.

2) «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы.

С.Ж.Зыкринаның диссертациялық жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың және мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған Жолдауларын жүзеге асырумен байланысты.

3) диссертациялардың нәтижесін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

Зерттеу нәтижелері бойынша математиканы оқытуда қолданылатын танымал интернет-технологиялардың салыстырмалы талдауы жасалып, негізгі мектепте критериалды бағалауда интернет-технологияларды қолданудың талаптары айқындалып, әдістемесі дайындалған. Сонымен қатар, негізгі мектеп оқушыларының математикалық білімдерін критериалды бағалауда интернет-технологияларды қолдануға бағытталған жаттығулар жүйесі мен эксперименттік тапсырмалар әзірленген. Математика мұғалімдеріне арналған электронды әдістемелік құрал және әдістемелік ұсынымдар әзірленіп, оқу процесіне енгізілген.

**Еркишева Жазира Сабыровнаның диссертациясы бойынша:**

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау:

Диссертация тақырыбы – Орта мектеп оқушыларын мәтінді есептерді шығаруға үйрету арқылы қаржылық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі.

*Мамандық:* 6D010900 – Математика.

*Ғылыми кеңесшілері* – п.ғ.д., профессор Мубараков А.М.; ф.-м.ғ.к., доцент Назарова К.Ж.; п.ғ.д., профессор Байсалов Д.У.; ф.-м.ғ.д., профессор, РБА академигі, РҒА академигі Семенов А.Л.

*Қорғау 2022 жылдың 22 желтоқсанында өтті.*

*Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:*

- математиканы оқыту процесінде оқушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыру құралы ретінде мәтінді есептердің орны мен маңыздылығы, классификациясы, «функционалдық сауаттылық», «қаржылық сауаттылық» ұғымдарының мәні нақтыланды;

- математиканы оқытуда оқушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастырудың әдістемелік жүйесі, яғни құрылымдық компоненттері айқындалды;

- мектеп оқушыларының қаржылық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған сыныптар бойынша қаржылық-экономикалық мазмұнды мәтінді есептер және оларды шығаруды оқытып-үйрету әдістемесі жасалды;

- зерттеу жұмысының нәтижелері эксперименталдық жұмыста тексерілді, дәлелденді, ұсыныстар оқу процесіне енгізілді.

2) *«Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы.*

Ж.С.Еркишеваның диссертациялық жұмысының тақырыбы және зерттеудің басты идеясы қазақстандық білім беру жүйесін дамытуға, бәсекеге қабілетті мамандар даярлаудың сапасын арттыруға арналған Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы, «Қазақстан-2050» стратегиясы, Қазақстан Республикасының 2020-2024 жылдарға арналған халықтың қаржылық сауаттылықты дамыту тұжырымдасы, Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары және басқа да мемлекеттік нормативтік-құқықтық құжаттарда көрсетілген басымдықтар мен міндеттерді шешумен байланысты.

3) *диссертациялардың нәтижесін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

Орта мектеп оқушыларының қаржылық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған сыныптар бойынша қаржылық-экономикалық мазмұнды мәтінді есептер және оларды шығаруды оқытып-үйрету әдістемесі жасалды. «Қаржылық есептеу негіздері» оқу құралы әзірленіп, оқу процесіне енгізілген. Математиканы оқыту процесінде оқушыларды қаржылық-экономикалық мазмұнды мәтінді есептерді шығаруға оқытып-үйрету мен оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарды математика мұғалімдері өздерінің іс-тәжірибелерінде оқушылардың функционалдық және қаржылық сауаттылықтарын қалыптастыру үшін тиімді пайдалана алады.

## **5. Ресми рецензенттер жұмысын талдау (ең сапасыз пікір мысалдарымен бірге)**

Рецензенттер ретінде математика және физика, математика және физиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі саласындағы зерттеулерге елеулі үлес қосқан ғалымдар тағайындалды. Рецензенттерді таңдау кезінде ғылыми кеңесшілер мен рецензенттердің тәуелсіздігі қағидасы сақталды.

Рецензенттердің пікірлерінде зерттеудің ғылыми негізделген теориялық және практикалық нәтижелері, қорытындылар негізделді, жұмыс бойынша ескертулер мен ұсыныстар берілді. Жасалған ескертулер зерттеудің жалпы ғылыми-теориялық мазмұны мен практикалық нәтижелеріне әсер етпейді. Диссертациялар бойынша теріс пікірлер болған жоқ.

### **А.Б.Искакованың диссертациясы бойынша рецензенттер:**

*Нуркасымова Сауле Нуркасымовна* - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (мамандық шифры: 13.00.02)

*Уалиханова Баян Сапарбековна* – PhD докторы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті (мамандық шифры: 6D011000 – Физика).

### **Н.А.Шектибаевтың диссертациясы бойынша рецензенттер:**

*Нурумжанова Куляш Алдонгаровна* – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті (мамандық шифры: 13.00.02, 13.00.01).

*Керимбаев Нұрасыл Нұрымұлы* – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті (мамандық шифры: 13.00.02).

### **Ж.Н.Турганбаеваның диссертациясы бойынша рецензенттер:**

*Кагазбаева Аспет Кенесбековна* – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (мамандық шифры: 13.00.02);

*Жумалиева Ляззат Дауренбаевна* - PhD, қауымдастырылған профессор м.а., М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті (мамандық шифры: 6D010900 – Математика).

### **Б.Ерженбектің диссертациясы бойынша рецензенттер:**

*Шуиншина Шолпан Мырзакасымовна* – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы (мамандық шифры: 13.00.01).

*Сариева Айгул Камзаевна* – педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті (мамандық шифры: 13.00.02).

### **С.Ж.Зыкринаның диссертациясы бойынша рецензенттер:**

*Мубараков Акан Мукашевич* – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (мамандық шифры: 13.00.02);

*Сыдыхов Бахыт Дикамбаевич* – педагогика ғылымдарының докторы, профессор м.а., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті



(мамандық шифры: 13.00.02; 13.00.08).

**Ж.С.Еркишеваның диссертациясы бойынша рецензенттер:**

*Кагазбаева Аспет Кенесбековна* – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (мамандық шифры: 13.00.02);

*Жумагулова Зауре Абдыкеновна* – педагогика ғылымдарының кандидаты, PhD, жетекші ғылыми қызметкер, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы (мамандық шифры: 13.00.02; 6D010900 – Математика).

**6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар.**

Диссертациялық кеңес отырыстарында диссертациялық кеңестердің жұмысын жетілдіру мәселелері көтерілді. Диссертациялық кеңестердің жұмысын жетілдіру бойынша мынадай ұсыныстар беріледі:

- диссертацияларды қорғауға жіберетін ЖОО мен бітіруші кафедралар, ғылыми кеңесшілер диссертациялық жұмыстардың сапасы мен деңгейіне жауапкершілігін күшейтуі керек.

**7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алу үшін әзірленген диссертациялардың саны:**

	6D010900 -Математика	6D011000-Физика
Қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	3	3
Қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	-	-
Рецензенттің теріс пікірлері алынған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	-	-
Қорғау нәтижесі бойынша теріс шешімге ие болған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	-	-

Диссертациялық кеңестің төрайымы



А.Е. Әбілқасымова

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы



Е.А. Тұяқов

30 желтоқсан 2022 жыл.